



**№56 ЖББОМ КММ-нің
кәсіптік бағдар берудің 2024-2025 оқу жылына
арналған жылдық жұмыс жоспары**

№	Шаралардың аталуы	Іске асыру мерзімі	Орындалуына жауаптылар	Аяқталу формасы
1. Кәсіби бағдар беру ісін ұйымдастыру және жүргізу				
1-ші деңгей «Менің отбасымның мамандықтары». 1-4 кластар.				
1	Сабақтарда кәсіби бағдар беру минуткаларын өткізу	Тұрақты	Бастауыш сынып мұғалімдері	Сабақтар
2	Түрлі мамандық иелері ата-аналарымен кездесулер	Оқу тоқсанында 1 рет	Бастауыш сынып мұғалімдері Мектеп әкімшілігі	класс сағаты
2-ші деңгей «Мен және менің айналамдағы мамандықтар» 5-7 кластар.				
1	«Мамандықтың бәрі жақсы-өзіне қажеттісін таңдай біл»	Тоқсанына бір рет	Класс жетекшілер	Тәрбие сағаты
2	Интеллектуалдық- танымдық марафон «Бәріне барлығы туралы»		Класс жетекшілер	Тәрбие сағаты
3	Кездесулер: -«Менің» ата-анамның мамандықтары» -«Кіші бизнес өкілдерімен кездесу» -«Түрлі мамандық иелерімен кездесулер»	3 тоқсан	Класс жетекшілер Тәлімгер	Тәрбиелік шаралар
3-ші деңгей «Мамандықтар әлемі». 8-9 кластар.				
1	Оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерінің, қызығушылығы мен бейімділігінің, білім алуға айналасындағыларымен қарым-қатынаста болуына құлшынысының диагностикасы	Тоқсан сайын	Психолог Класс жетекшілері Әлеуметтік педагог	Диагностика
2	«Мен және менің таңдаған мамандығым»	наурыз	Класс жетекшілер	Конференция
3	Түрлі мамандық иелерімен кездесулер	Жыл бойы	Класс жетекшілер	Тәрбиелік шара
4	Мектеп бітірген оқушылардың орналасуы	Тамыз	Класс жетекшілер	есеп

	туралы есеп, Оқушылардың колледждерге түсу мониторингі			
5	Кәсіби білім беретін оқу орындарындағы «Ашық есік» күні	Жыл бойы	Класс жетекші ата-аналар комитетімен бірлесе отырып	Колледждерге бару
4-ші деңгей «Мамандықтар әлемінде».10-11 кластар				
1	Оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерінің, қызығушылығы мен бейімділігінің, білім алуға айналасындағылармен қарым-қатынаста болуына құлшынысының диагностикасы	Жарты жылда 1 рет	Психолог Класс жетекшілері	Диагностика
2	Класс сағаты «Болашақ мамандарды таңдайды».	Жыл бойы	Класс жетекшілер	Есеп
3	Түрлі мамандық иелерімен кездесулер	Жыл бойы	Класс жетекшілер	Тәрбиелік шара
4	Жетістікті кәсіп иесі-бұрынғы мектеп бітірушілерімен кездесулер	қаңтар	Класс жетекшілер	Тәрбиелік шара
5	Жоғары және арнаулы кәсіптік білім беру ұйымдарындағы «Ашық есік» күндері	Қаңтар- мамыр	Класс жетекшілер	Қатысу
5. Ата-аналармен жұмыс				
1	Ата-аналар жиналастарын өткізу	қыркүйек	Класс жетекші	хаттама
2	Ата-аналарды білім алушылармен мамандықтар туралы сұхбатқа тарту.	Жыл бойы	Класс жетекшілер Жауапты маман	хаттама
3	Өндіріс орындарында кәсіп алды байқауларын өткізудегі ата-аналар көмегін ұйымдастыру	Жыл бойы	Кәсіби бағдар беру ісіне жауапты маман	Экскурсия фото-видео отчет.Әлеуметтік желіге жариялау

Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру оқу-тәрбие жұмысының құрылымындағы бағыттардың бірі болып табылады және білім беру процесінің барлық катысушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінде әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуге бағытталған. Мектепте ағымдағы оқу жылына арналған мектептің жұмыс жоспарының бөлігі болып табылатын кәсіптік бағдар беру жұмысының жоспары бекітілді.

Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру кезінде мынадай қағидалар сақталды:

1. Жүйелілік пен сабақтастық – кәсіптік бағдар беру жұмысы тек бітіруші сынып оқушыларымен ғана шектелмейді. Бұл жұмыс бірінші сыныптан он бірінші сыныпқа дейін жүргізіледі.

2. Білім алушыларға олардың қызығушылықтарының жасына және қалыптасу деңгейіне, құндылық бағдарлары мен өмірлік жоспарларындағы айырмашылықтарға, үлгерім деңгейіне байланысты сараланған және жеке көзқарас.

3. Білім алушылармен және ата-аналармен кәсіптік бағдар беру жұмысының жаппай, топтық және жеке нысандарының оңтайлы үйлесімі.

4. Мектептің, отбасының, кәсіптік оқу орындарының, жұмыспен қамту қызметінің, қоғамдық ұйымдардың өзара байланысы.

5. Кәсіби бағдарлаудың өмірмен байланысы.

Оқу жылының басынан бастап мектепте "қайда оқуға бару керек" стенді расімделді, ол мезгіл-мезгіл жанартылып отырады және оның мазмұнына сәйкес келеді.

9-шы, 11-ші сыныптарда "кәсіби өзін-өзі анықтау" курсы ұйымдастырылды, ол білім алушылардың өзін-өзі анықтауына ықпал ететін сабақтарды ұйымдастыруға бағытталған.

Кәсіптік бағдарлаудың маңызды буыны-ата-аналармен жұмыс. Ата-аналар әдетте балаларының өмірлік және кәсіби жоспарларын анықтауға белсенді қатысады. Сонымен қатар, Мамамдық тандау және білім беру жолдарын анықтау мәселелері білім алушылардың өздері үшін де, олардың ата-аналары (заңды өкілдері) үшін де қиын міндет болып табылады. Ата-аналар жиналыстары мен сынып сағаттарында, жеке консултациялар кезінде сынып жетекшілері қазіргі еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, балалардың одан әрі білім алуын дұрыс тандаудың маңыздылығы туралы сұрақтар қояды.

Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмыстары келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

1. Диагностика.

Қолданылатын әдістемес: Кәсіптік бағдарлау жұмысын жүргізу барысында Е.А.Климовтың «Дифференциалды-диагностикалық сауалнамасы»

Әдістеменің мақсаты: Е.А. Климов классификациясымен сәйкестікте түрлі мамандықтарға сұрыптай үшін арналған. Жасөспірімдердің және ересек адамдардың профбағдарлануы кезінде пайдалануға болады.

Жауапты: мектеп психологтары

Нұсқау: Жауаптар параты «+» белгісінің санын әр 5 бағанының есептеуге болатындай етіп жасалған. Бес бағанының әрқайсысы мамандықтың нақты бір типіне сәйкес келеді. Оқушылардың сауалнамаларға жауабы бойынша мамандықтар типтерінің атауы:

1. «Адам-табиғат» — еңбек объектісі тірі организмдер, өсімдіктер, жануарлар және биологиялық процесстер болып табылады. Осыған кіреді: агроном, зоотехник, мал дәрігері. II. «Адам-техника»

— еңбек объектісі техникалық жүйелер, машиналар, аппараттар және установкалар. Жатады: радиомеханик, токарь, жүргізуші, инженер.

III. «Адам-адам» — адамдар, топтар, ұжымдар болып табылады.

IV. «Адам-белгілер жүйесі» - Шартты белгілер, шифрлар, кодтар, кестелер еңбек объектісі болып табылады. Мұндай салада корректорлар, программисттер, статисттер, экономисттер жұмыс істейді.

V. «Адам-көркем бейне» - Осы мамандықтардың еңбек объектісі көркемдік бейнелер, олардың рөлдері, элементтері және ерекшеліктері болып табылады. Мамандықтар: зергер, фотограф, музыкант, өнертанушы, суретші, жазушы, әртіс.

р/с	Мамандықтар типтері	Оқушылардың саны
1	Адам-табиғат	52
2	Адам-техника	60
3	Адам-адам	43
4	Адам-белгілер жүйесі	21
5	Адам-көркем бейне	25

Қолданылатын әдістеме: Д. Голланд әдістемесі

Әдістеменің мақсаты: тұлғаның әлеуметтік бағытын анықтау және кәсіби типін бағалау.

Оқушылардың мамандық таңдауда өзін-өзі тану арқылы, дұрыс бағыт алып, бейімделуіне психологиялық көмек көрсету, оқушының кәсіби бағдарына психологиялық дайындық жұмыстарын жүргізу және қиындықтан шығу шеберлігін шыңдату мақсатында жұмыс жүргізу үшін алдымен диагностикалық жұмыс жүргізілуі қажет. Тұлғаның әлеуметтік бағытын анықтау және кәсіби типін бағалау үшін Джон Голландтың әдістемесі өткізілді. Американ психологы Д.Голландтың жеке адам типологиясы бойынша мінез-құлқына қарап кісілерді алты психологиялық типке бөлген. Олар:

- реалистік,
- интеллектуалдық,
- әлеуметтік,
- конвенциялық
- тапқыр,
- әртістік.

Зерттеу нәтижесі:

Д. Голланд әдісі бойынша белгіленген жауаптар саны көп бағана айқындалып сол арқылы алынған деректерге талдау жасалды.

1	Әлеуметтік тип	Оқушы саны
2	Тапқыр тип	27
3	Тапқыр тип	31
4	Әртістік тип	42
5	Әлеуметтік тип	21
6	Әртістік тип	14
7	Конвенциялық тип	23
8	Әлеуметтік тип	13
9	Әлеуметтік тип	19


Әрбір тип темпераменті, мінезіне қарай ерекшеліктерімен сипатталады. Соған байланысты адам психологиялық типіне қарай өзіне сай келетін және сол салада табысқа жететіндей мамандық таңдап алуы дұрыс.

2.Әр түрлі мамандықтағы адамдармен кездесу. (2, 4, 6, 7 класс)

№	Анықтама	Фото есеп	Ссылка
1	2024 жылдың 3-қыркүйек күні білім ордамызда Кеңес Одағының екі мәрте Батыры Т.Ж. Бигелдинов атындағы Әуе қорғаныс күштерінің Әскери институтының өкілдері- майор Ниязов Алибек Аятович, майор Үсіпбеков Ердаулет Даниярұлы жәнде курсанттар Токтаров И.М,Айтжанов Б.А кәсіби бағыт бағдар жұмысын жүргізді.		https://www.instagram.com/reel/C_c4HxEscwJgsh=Ynl0ajN6UwdW8x
2	Қорғаныс істер департаментінің қызметкерлері Капитан Жамашева Асель Бауыржанқызы және Ашықбай Асем Русланқызы мектебіміздің 10-11 класс оқушыларымен кездесу өткізді. Кездесу барысында ҚР-ның әскери оқу орындарына түсу жайында үгіт насихат жүргізді.		https://www.instagram.com/p/s_qt1opyw/?index=3&igsh=MnhrZXhxejGk3

3.Рөлдік ойындар.

Өзін-өзі басқару күні, оның барысында 8-11 сынып оқушылары мұғалім рөліне қатысуға мүмкіндік алады. Бұл іс-шара дәстүрлі болып табылады және әрдайым оқушылардың оң пікірлерін алады.

№	Анықтама	Фото есеп	Ссылка
1	Жалпы білім беретінің мектебінің “Парламент” өзін-өзі басқару ұйымы мен “Жасұлан” балалр мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен “Дублер күні” өтті. Өткізілген шараның мақсаты: Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру.Дублер күні - бұл оқушылар нағыз мұғалімдер бола алатын күн, сабақтарды жүргізудің маңызды екендігін сезіне алады. Күн қорытындысы бойынша дублер болған оқушылар жиналыс өткізіп, әр қайсысы өз пікірлерімен бөлісті және мұғалім болу тек қана қиын емес, қызықты екен деген ортақ ойға келді.	 	https://www.instagram.com/reel/DApXM4NMXb/?igsh=MTh5Wl0cWRubDNmdw%3D%3D

4.Сыныптан тыс іс-шаралар мен сынып сағаттарын өткізу:

1



“Еңбегі адал жас өрең” жобасы аясында ағымдағы жылдың 17 қаңтар күні 10-11 сынып оқушыларының қатысуымен “Бүгінгі түлек- ертенгі тұлға” тақырыбында, түлектерді болашақ мамандық таңдауға бейімдеу және кәсіби бағыт – бағдар беру мақсатында студенттермен кездесу кеші өткізілді. Кездесуге келген әрбір студент өзі білім алып жүрген оқу орынын таныстырып, ондағы мамандықтар туралы қажетті ақпараттар және ҰБТ-ге дайындық жұмыстарын жүргізу барысында оқушыларға пайдалы кеңестер берді. Кездесу өте қызықты өтті. Кеш соңында студенттер оқушыларға өздерінің жылы лебіздерін және алдағы ҰБТ-ны сәтті тапсыру бойынша өз тілектерін білдірді.



<https://www.instagram.com/reel/DE9RqUNsAi6/?igsh=c3VvaWY4eDYwd2l5>

2

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы негізінде 10 класстар және «Жас ұлан балалар мен жасөспірімдер» ұйымы оқушылары арасында «Мамандықтар әлемінде» сайысы өтті. Мақсаты: Оқушыларға мамандықтар туралы кәсіптік бағдар беру, сұранысқа ие мамандықтарды ақпараттандыру.



https://www.instagram.com/reel/DFpSu2_slQW/?igsh=bWg3bXVubHkxZjFq


3



«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында және «Еңбегі адал өрен» жобасы негізінде 5-сыныптар арасында өткізілген «Калейдоскоп мамандығы» сайысы қызықты әрі пайдалы өтті! 🎤 Бұл сайыстың мақсаты – жасөспірімдердің әртүрлі мамандықтар туралы білімі мен қызығушылығын арттыру, еңбекке деген құрметті қалыптастыру.





<https://www.instagram.com/reel/DGk0At7MuWs/?igsh=MTh2NnlkenRvYmczdW%3D%3D>

5. Оқушылардың ЖОО және колледж өкілдерімен кездесулері:

№	Анықтама	Фото есеп	Ссылка
1	Ағымдағы жылдың 24 қаңтар күні жоғары көпсалалы “Болашақ” колледжі 9-11 класс оқушыларына кәсіби бағыт бағдар жұмыстарын жүргізді.		https://www.instagram.com/p/DFMIT6gILJq/?img_index=1&igsh=MW9ncjRzOGtpbnU1Zg%3D%3D
3	Ағымдағы жылдың 6 ақпан күні “ALT UNIVERSITY” 11 класс оқушыларына кәсіби бағыт бағдар жұмыстарын жүргізді.		https://www.instagram.com/p/DF5o8YuM869/?img_index=1&igsh=MXA4a3ljMB1ajA1dw%3D%3D
4	Ағымдағы жылдың 10 ақпан күні Heriot-Watt University Ақтөбе қаласында орналасқан кампусы туралы 11 класс оқушыларына кәсіби бағыт бағдар жұмыстарын жүргізді.		https://www.instagram.com/p/DF5pZY5sNz9/?img_index=1&igsh=MTBseTluOWo0M2kzZg%3D%3D

5	9 класс оқушылары Бопай ханым жоғары медициналық колледжіне барып білікті, тәжірибелі оқытушылармен кездесті. Кездесу барысында көрме ұйымдастырылып, оқушыларға медицина саласы туралы ақпараттар берілді. Оқушылар колледж өмірімен танысып қана қоймай, колледж ішіндегі мамандықтары туралы ақпараттар алды.		https://www.instagram.com/reel/DGPssIAI0Yq/?igsh=MXV1bTR0eG01M3FvZQ%3D%3D
6	ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік УНИВЕРСИТЕТІНДЕ МАМАНДЫҚТАР КӨРМЕСІ ӨТТІ! 10-11 сынып оқушыларына арналған маңызды шара өз мәресіне жетті! Көрме барысында оқушылар университет мамандықтарымен танысып, болашақ мамандықтарын таңдау жолында маңызды ақпарат алды.		https://www.instagram.com/p/DICJySJsL8V/?img_index=1&igsh=MWJxdTNmNWxud3lwNg%3D%3D
7	Мектебіміздің “Парламент” мүшелері мен “Қыз парасаты” қыздар клубының мүшелері Ақтөбе құрылыс-монтажды колледжіне барып, колледж жайлы маңызды ақпараттармен танысып қана қоймай “Трендтегі шоперлерді безендіру” атты шеберлік сыныбына қатысты. Бүгінгі шеберлік класс жоғары деңгейде өтті. Оқушыларымыз осы шеберлік сыныбынан алған әсерлерімен		https://www.instagram.com/reel/DIMivvGooj2/?igsh=MX Y3ZDU1ZGtta3hjOA%3D%3D

	бөлісті.		
8	11 сәуір күні мектебімізге Рудный Университетінің мамандары келіп, 11 класс оқушыларына кәсіби бағыт бағдар жұмыстарын жүргізді.	 	https://www.instagram.com/p/DITWIFYloye/?img_index=2&igsh=dGs4OTBmcXBsdjl4
9	11 сәуір күні Heriot-Watt University мамандары 11 класс оқушыларына кәсіби бағыт бағдар жұмыстарын жүргізді.	 	https://www.instagram.com/p/DITazXBINNu/?img_index=1&igsh=amg2a2xrdXRtOGJi
10	Мектебіміздің оқушылары Ақтөбе сервис колледжіне барып, маңызды ақпараттар мен мамандық бойынша кеңестер алды.	 	https://www.instagram.com/reel/DIdyTs3oUQ6/?igsh=MTQ5cjl1a3d5dmJ2bA%3D%3D

Мектебімізге 22 сәуір күні Көкшетау қаласындағы “Азаматтық қорғаныс жоғары көпсалалы колледж” оқытушылары келіп 9 класс оқушыларына кәсіби бағыт бағдар жұмыстарын жүргізді.		https://www.instagram.com/p/DlvZhZ7IHPF/?img_index=2&igsh=a28zYzZsbGsxNXho
“Қадам-life” облыстық жобасы аясында 25.04 күні Ақтөбе өнеркәсіптік технологиялар колледжі, 56 мектептің 9-11 сынып оқушыларына жұмысшы мамандықтары бойынша кәсіби бағдар беру шараларын ұйымдастырды. Шара барысында оқушыларға колледж мамандықтары таныстырылып, шеберлік сабақтары мен тәжірибелік көрмелер өткізілді. Олар өндірістік мамандықтардың маңыздылығын түсініп, болашақ кәсібін таңдауға бағыт алды.		https://www.instagram.com/reel/DJCESLMzyH/?igsh=MTRvZTVuNHdjTV4aw%3D%3D

Қорытынды:

1. Мектепте қазіргі қоғам экономикасының сұранысын ескере отырып, білім алушыларды кәсіптік бағдарлау бойынша мақсатты жұмыс жүргізілуде.
2. Кәсіптік бағдар беру жұмысының жоспары жеткілікті деңгейде іске асырылады.
3. Білім алушылармен кәсіптік бағдар беру қызметін ұйымдастыруда сыныптан тыс жұмыстың әртүрлі формалары, заманауи педагогикалық технологиялар қолданылады.